Қызылорда облысының
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
Ғ.Қалиевке

27.02.2018 жылғы
№ 4456 шағымға қосымша

Бұған дейінгі Департаментке жолданған шағымға сәйкес №2199984-1 «Арал аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелері ғимараттарын жылытуға жеткізуімен сұйық отын сатып алу» хабарламасы бойынша бүгінгі күнге жалпы менің жұмыс өтілі тәжірибем 9 жылды құрайтындығын көрсеткен болатынмын.

ҚР ҚМ-нің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағиданың 7-қосымшасының ескертпесіне сәйкес сатып алынатын тауарлар нарығында **тауарлар мен шот-фактураларды қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері** жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады делінген.

Осы талапқа сәйкес, аталған өтінімде тапсырыс берушімен қабылдап алынған:

1) 12.11.2010 жылғы №174 с/ф мен 31.12.2010 жылғы №10 жұмыстардың (қызметтерді) орындалу актісінің электрондық көшірмелері;

2) 03.03.2011 жылғы №34 с/ф, 14.03.2011 жылғы №40, 16.11.2011 жылғы №289 с/ф мен 31.12.2011 жылғы №3 жұмыстарды (қызметтерді) қабылдау актісінің электрондық көшірмелері;

3) 10.02.2012 жылғы №28 с/ф мен 31.12.2012 жылғы №4 жұмыстардың (қызметтерді) орындалу актісінің электрондық көшірмелері;

4) 19.03.2013 жылғы №67 с/ф мен 31.12.2013 жылғы №5 жұмыстардың (қызметтерді) орындалу актісінің электрондық көшірмелері;

5) 10.02.2014 жылғы №25 с/ф мен 31.12.2014 жылғы №7 жұмыстардың (қызметтерді) орындалу актісінің электрондық көшірмелері;

6) 15.12.2015 жылғы №48 с/ф, 07.12.2015 жылғы №45, 18.11.2015 жылғы №40 с/ф, 12.06.2016 жылғы №07 с/ф мен 31.12.2015 жылғы №8 жұмыстардың (қызметтерді) орындалу актісінің электрондық көшірмелері;

7) 29.03.2016 жылғы №25 с/ф, 13.04.2016 жылғы №32 мен 31.12.2016 жылғы №9 жұмыстардың (қызметтерді) орындалу актісінің электрондық көшірмелері;

8) 05.12.2017 жылғы №365 с/ф мен 05.12.2017 жылғы №170220/00/1 тауарларды қабылдап алу-беру актісінің электрондық көшірмелері;

9) 01.02.2018 жылғы №65 с/ф мен 01.02.2018 жылғы №180220/00/1 тауарларды қабылдап алу-беру актісінің электрондық көшірмелері ұсынылды.

Атап өтетін жайт, 2010-2014 жылдар аралығында ғимараттарды жылытуға арналған сұйық отын коммуналдық қызметтер ретінде есептеліп, 151 ерекшелікпен ақы төлену жүзеге асырылған болатын. Соған сәйкес өтінімде қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелерінің орнына жұмыстардың (қызметтердің) орындалу актісінің электрондық көшірмелері ұсынылды. Қажеттілік болған жағдайда 2010-2016 жылдар аралығында атқарылған жұмысқа негіз ретінде ұсынылған құжаттар тапсырыс берушілермен қайта расталған құжаттардың түпнұсқасы ұсынылатын болады.

Осы хабарландыруда Жалгасбеков Талгат Бозжигитович дара кәсіпкердің өтінімінде жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары толық емес. Атап айтқанда, 2010-2017 жылдарға қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері ұсынылмаған.

Сол сияқты, Жандаулетов Берик Темирханович жеке кәсіпкердің өтінімінде жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары толық емес. Атап айтқанда, 2012-2017 жылдарға қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері ұсынылмаған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағиданың 7-қосымшасының ескертпесіне сәйкес әлеуетті өнім берушілерге берілген шартты жеңілдіктерді қайта қарап, тиісті шара қабылдауды сұраймын.

Жеке кәсіпкер **Т. Маханов**